

E.K. БЕЛГОЖА


ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛҒА ЖАЛПЫ ШОЛУ

Қытай Халық Республикасы дүние жүзі бойынша халқы ең көп және ірі мемлекеттердің бірегей болып табылады. Қазіргі дүние жүзінде болып жатқан ірі өзгерістер адамдардың түрлі себептермен қоныс аудару процесін күштейтті. Қытай мемлекеті біздің көрші мемлекет, және еліміз егеменді ел болғалы бері аталмыш мемлекетпен саяси, мәдени және басқа салалар бойынша тығыз қарым-қатынас жүргізіп келеді, осыған орай екі ел арасындағы халықтардың келіп-кету процесі де ұлғайды. Өзімізге белгілі Қазакстанның халқы тек 15 млн. болса, ал Қытайдың тек бір Шанхай қаласының халық саны 16 407734 млн.¹ Бұл тек 2000 жылдың ресми көрсеткіші, одан бері 8 жыл өтті, ал Қытай халқы жылына шамамен 15 млн. адамға көбейстінін естен шығармау керек.!!!! Сондыктан казіргі таңда Қытайдың ішінде халық санында болып жатқан өзгерістерді зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналды.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бері (1949) жалпы Қытай бойынша бес халық санағы өтті, алғашқы халық санағы 1953 жылы болса, соңғысы 2000 жылы болды. Санак өткен жылдарды атап кетсек ол 1953, 1964, 1982, 1990, 2000 жылдар. Бірінші санақтың материалдарына қарайтын болсақ, аталмыш уақытта жалпы халық саны 601.938.035 млн. адам болды.² Санак жүргізілген кезде Қытай үкіметі халық санаудың арнайы бір тәсіл бойынша халық санағы жүргізілді, жергілікті жерлерде халық санағын жүргізетін аранайы кеңселер құрылды, дегенмен аз санды халықтар мекендейтін орталықтан алыс орналасқан шекаралық аудандарда бұл жүйені

енгізу мүмкін болмай, әр жерде өзіндік тәсілдермен санақ жүргізіп мәлімет берсе, кейбір жол қатынасы жоқ шалғай таулы аймақтарда санақ мүлдем жүргізілген жоқ деуге болады, олар туралы мәліметті шамамен немесе елдің айтуы бойынша жазды. Сондыктан бірінші санақтың материалдарының көрсеткен мәліметтерін толық деп айтуда келмейді. Дей тұрганмен де, осы уақытқа дейінгі жүргізіліп келген есептер, зерттеулер осы көрсетілген мәліметтердің негізінде жүргізілді. Бірінші санақтан бері жаңа ғасырга дейін жүргізілген санақтарда Қытай басшылары әр санақ жүргізген сайын алдыңғы қателіктерін түзете отырып жақсы нәтижелерге кол жеткізді. Бұл жерде де мүлде қателік кетпеді деуге болмайды, дегенмен жіберілген қателер жалпы санаққа айтардықтай әсер етпеді. Халық санының өзгерісін мына төменгі кестеден байқауға болады:

Соңғы санақ материалдарының деректеріне сүйенетін болсақ 2000 жылы халық саны 126583 млрд. адамды құраган. Аталмыш деректер бойынша ой түйер болсақ Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бергі 46 жыл ішінде адам саны 693 391 965 адамға көбейген. 1949-1973 ж.ж. аралығы (1960-1961 ж.ж. киын кезеңді қоспағанда) демографиялық өсу көрсеткіші бойынша Қытай тарихында халық саны ең тез өскен кезең болды. Жоғарыда айтып кеткендей 1954 жылы халық саны 600 млн. астам адамды құраса, 1964 жылы 700 млн., 1969 жылы 800 млн. асты. Осылайша алғашында 10 жыл ішінде 100 млн. адам қосылса кейін ол көрсеткіш тиісінше 5 жылға ауысты. Қытай Халық



Дерек көзі Zhongguo tongji nianjian. Zhongguo tongji chubanshi. 2008 nian

¹ Zhong guo 2000 nian renkou pucha cailiao. Tongji chubanshi 2002 nian 2 ye.

² http://www.stats.gov.cn/tjgb/rkpcgb/qgrkpcgb/t20020404_16767.htm

Республикасы құрылған кезде халық саны 541.67 млн. болса 1973 жылы 892.11 млн. болып, осы 24 жыл ішінде адам саны жалпы 350.44 млн. адамға көбейіп, ол көрсеткіш 64.7% құрады, яғни жылына шамамен 14.6 млн. адамға көбейе отырып, жылына көбею коэффициенті 2.1% болды. Оның ішінде 1964-1973 жылдар аралығында демографиялық өсу 187.12 млн. адамға артты, жылына 20.79 млн адамға көбейіп жылдық өсу коэффициенті 2.6% құрады. Осы аталмыш кезеңде халық санының басты өсу себебі біріншіден бала туу көрсеткішінің жоғарлауы болса, екіншіден өлім санының азауы болды. Онымен қатар қоғамда тұрақтылық орнап, елдің әл-ауқаты көтеріле бастады, денсаулық сактау ісіне жақсы көніл бөліне бастады.

1974 жылдан бастап Қытай Халық Республикасының халқының санының көбеюінде жаңа өзгерістер басталды. Адамдарың өлім санының көрсеткіші 20 жылда төмендеп, айтарлықтай төмен көрсеткіштерге жетті. Өлім коэффициенті 1974 жылы 7.34%-ден 6.50%-ге жетті. Аталмыш кезеңде өлім көрсеткішімен қатар туу көрсеткішінде төмендеу байқалды. Мысалы 1970 жылы туу коэффициенті 33.59% болса, 1973 жылы 28.07%. ал 1989 жылы 20.98%-ге төмендеді. Қытай Халық Республикасы өз уақытында бала санын шектеуге бағытталған қатаң саясатын жүргізе бастамағанда осы көрсеткіш одан да жоғары болар еді. Осылайша Қытайдың жоғары жылдамдықпен табиғи көбею көрсеткішінде жаңа өзгерістер басталды. Мысалға халықтың табиғи өсу көрсеткіші 1973 жылы 20.84% болса, 1989 жылы төмендеп 14.48%-і құрады. 1974 жылы Қытайдың халық саны 900 млн. асып 908.59 млн. адам болды; 1981 жылы 1 млрд. 720 мың адам, ал 1989 жылы 1.1 млрд. асып, яғни 1.111.910000 адамды құрады. 15 жыл ішінде Қытайдың халқы 203.32 млн. адамға көбейіп, жылына шамамен 13.55 млн. адам болды. Ал төртінші санақ кезінде халық саны 114333 млрд. болды. Бұрын бала туу көрсеткіші 30%-ден асып кетсе осы кезеңде төмендей бастап, 20 %-ге жақын деңгейде сакталды. Осы туылу көрсеткішінің төмендеуі Қытай халқының табиғи туу коэффициенті 20%-ден төмендеп 10%-20%-е аралығындағы деңгейде болуына әкелді. Аталмыш кезеңнің тағы бір ерекшелігі халықтың табиғи өсуі енді жоспарлы көбеюге ауысты.

1990 жылдан бастап Қытай Халық Республикасының халқы қазіргі заманға лайық жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Осы кезеңде Қытай халқының санының көбеюі тұрақты болды. Халық саны

1.14333 млрд. болды³. Бала туылу саны бұрынғысынша төмендеді. Мысалы 1990 жылы 21.06%-ден 1998 жылы 15.64%-ге төмендеді. 2000 жылы бесінші санақ кезінде 14.03%-ге төмендеген. Адам санының табиғи өсуінде де төмендеу тенденциясы байқалды, 1990 жылы 14.39%-ден 1998 жылы 9.14%-ке төмендесе 2000 жылы 7.58%-ге төмендеген⁴. (ол да сонда)

Өзімізге белгілі Қытайдың жері кең және жерінің көлемі 9,6 млн. шаршы шақырым. Осынша кең жердің барлығы дерлік жарамды деуге болмайды. Қытай егістік, жайылым, орман жөнінен дүнис жүзінде алдынғы орындарда тұр. Қазіргі таңда Қытайда өндөлетін жер көлемі 130,04 млн. га болса, орман алқабы 158,94 млн. га, жайылым 400 млн. га жерді құрайды. Дегенмен Қытай халқының жан басына шаққанда бұл көрсеткіш өте аз болып қалауды. Жалпы алғанда Қытай жерінің 10% ғана тұрмысқа жарамды. Осы жердің басым бөлігі теніз жағалауы Шығыс және Оңтүстік аудандарда орналасқан. Осы және аудандарының экономикалық дамуы жағынан шығатын айырмашылыққа байланысты халықтың территорияда орналасу да біркелкі емес. Мысалы, Хенан провинциясының адам саны 92.56 млн. бүтін мемлекет халқының 7.33%, Шандон провинциясында 90.79 млн. мемлекеттегі халықтың 7.19%, Гуандон 86.42 млн. мемлекет халқының 6.85% құрады⁵. Жоғарыда аталған үш провинцияның халқы бүтін мемлекеттегі 31 провинция, кала, аудан халқының 21.37% құрады. Керінше Тибет автономиялық аудандында 2.62 млн. бүтін мемлекет халқының тек 0.21%, Нинся автономиялық ауданы мен Чинхай провинциясында тек 5.62 млн. және 5.18 млн. адам, тиісінше мемлекет халқының 0.45%, 0.41% құрады. Жоғарыда аталған үш провинция ауданның адам саны бүтін мемлекеттің жалпы халық санының тек 1% құрады, осыдан Қытайдың демографиялық аудандарының орналасуы біркелкі еместігін және әр аудандағы адам саны айырмасының үлкен екенін көруге болады.⁶

Қорыта келгенде мемлекеттегі халық санына көп мәселе байланысты. Кезінде қытай басшысы Мао Цзе Дун елде каншалықты адам көп болса елге соншалықты жақсы болады деген ұрандарын қолдаған халықтың саны өте жылдам көбейе бастады. Ол кезде мемлекет тараپынан осы саясатты қолдайтын шаралар да жасалған, мысалы әйелдің денсаулығына қатты зиян келтіріп тұрған кезден басқа кезде зансыз жасанды түсік жасауға заңмен қатаң тиым салынған. Дегенмен уақыт өте келе Қытай басшы-

³ Zhongguo tongji nianjian. Zhongguo tongji chubanshi. 2008 nian, 87 ye

⁴ Ол да сонда.

⁵ Zhongguo 2000 nian renkou pucha ziliao” Zhongguo tongji chubanshe 2002 nian 1887 ye.

⁶ Zhongguo 2000 nian renkou pucha ziliao” Zhongguo tongji chubanshe 2002 nian ban

лары өзінің жіберген қателіктерін түсіне бастады. XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап тууды шектеу ісіне дұрыс көніл бөліне бастады. Осы отбасын жоспарлау саясатының салдарынан Қытай үшін жақсы жағы халық саны азайса, жаман жағы ұлт қартай бастады. 1949-1970 жылдар аралығында ұлт керінше жасарса, енді ұлт қартайып көрі адамдар саны жылдан жылға көбейіп жастар саны азаюда. Дегенмен мен Қытайда жүрген кезде осы мәліметтерге құман туды. Өйткені мақаланың авторы аталмыш елде стажировкада жүрген кезінде жергілікті халықтың, студенттердің пікірін сұрағанда олар да менімен келіскең. Мысалы бір студенттің айтуынша оның ата-анасы ауылдық жерде тұрады, жанұясында өзінен басқа екі бала бар дейді, бірақ ол екеуі тіркелмеген, сондықтан екеуінің білім алушына және т.б. істерді істеуге құқы жоқ. Өзімізге белгілі Қытай халқының басым белігі дәл осы ауылдық жерде шоғырланған, басты табыс көзі ауыл шаруашылық өнімдері болып табылады. Ал ауыл шаруашылық өнімдерінен жақсы түсім алу үшін адам күші қажет. Осыдан шығатын тұжырым дәл осындай тіркелмеген адамдарды қосатын болса Қытайдың халық саны көрсетілгеннен әлдеқайда жоғары болар еді. XXI ғасырдың басынан Қытай Үкіметі өзінің «Батысты ауқымды игеру» стратегиясын іске асyра бастады. Осы стратегияның бір мақсаты дамуы жағынан артта қалған Батыс аудандарды экономикалық жағынан Шығыс өлкемен теңестіру болса, бір жағынан халықтың орналасуындағы тығыздық мәселесін шешу болып табылады. Қытай экономикасы жылдам қарқынмен дамуда, сондықтан шикізатқа деген сұраныс күннен-күнге артуда. Ал Қытайдың қазба байлығының басым белігі осы батыста шоғырланған. Сондықтан осы қазба байлықты және көптеген жаңа орындарды игеруге мемлекет тараپынан колдау көрсетіп «мамандарды» батыска жіберуде. Қазақстан Қытайдың дәл осы Батыс өлкесімен шектесстіндіктен және еліміз қазба байлықтарға бай болуына байланысты бізге әсері болары сөзсіз. Қытайлықтар көптеген елдерге сауда жасау, кәсіпкерлікпен айналысуға және т.б. себептермен кіреді, бірақ өздерінің сол елде тұру мерзімі өтіп кетсе де сол елде қалып қоюға тырысады. Мысалы тек 2006 жылдың өзінде елімізге 100 мың қытай кірсе, оның тек 5 мыңға жуығы елімізде тұруға құқығы бар.⁷ Сонда ойлап қарасақ, қазір еліміздің экономикасы тұракталып, дамудың белгілі бір жолына түскен кезде зансыз кірген тек қытайлардың саны осынша болса, XX ғасырдың сонында жанадан тәуелсіздігімізді алған кезде болған жағдайды көзге елестету де қыын. Айта кетері кіріп жатқан адамдардың басым белігі ер адамдар

болса біздің елдің демографиялық жағдайына әсер ететіні сөзсіз. Демографиялық мәселемен қатар екі жақты қарым-қатынаста туындайтын өткір мәселелердің бірі ол су мәселесі болып тұр. Қазақстанның ірі өзендері Ертіс, Алакөл және Іле өзендері бастауларын Қытай территориясынан алады. Қытай өзінің Батыс аудандарын игере бастаумен, онда халықтың және өндіріс орындарының көбеюінен суға деген сұраныс күн санап артып келеді. Осының салдарынан қытай жағы аталмыш өзендердің сүйнен өз қажетіне шектеп бізге аз су жіберуде. Мысалы, Қытайдың ірі мұнай шығарушы өлкесі Қарамайдың су мәселесін шешу үшін Ертіс-Қарамай каналы салынды. Осы канал арқылы олар суармалы жерлердің көлемін ұлғайтуды және мұнай шұнқырларын толтыруды және басқа да мақсаттарды көздел отыр. Қытай Үкіметінің тағы бір ірі жобаларының бірі ол болашакта Батыс ауданды ірі бақшаға айналдырып Орта Азияны көкөніспен қамтамасыз ету болып отыр, аталмыш жоба да көп суды қажет етеді, бұл өз кезеңінде еліміздің ауыл шаруашылығына әсерін тигізіп қаржының сыртқа кетуіне әкелсе, бір ғана Ертіс өзенінің Қазқстандағы белігінде Бұқтарма, Өскемен және Шүлбे ГЭС-і орналасқан. Балқаш көлінің сүйнен 50%-ын құрайтын Іле өзені Қытайдан келеді. Осы өзендердің сүйн азайса елімізге келер экологиялық және басқа шығын орасан зор болары сөзсіз.

Резюме

В статье рассматривается численность населения Китая со дня образования Китайской Народной Республики и ее расселение и изменение, делается сравнительный анализ населения.

Summary

The article covers the demographic database of the population of the China, its settlement, changes since the creation of the People's Republic of China on the basis of the comparative analysis.

⁷ <http://www.nomad.su/?a=3-200710100321>